

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ректорының кіріспе сөзі**

Адамзат өркениетінің жетістігі Шығыс пен Батыс мәдени байлықтарының өзара ықпал етуінен, байытылуынан және толыгуынан құралады. Екі континент, екі өркениеттің және екі мәдениеттің ортасында орналасқан Қазақстан халқының тарихи миссиясы – осы өркениеттерді байланыстыратын көпір болу. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1994 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті мінберінде түңгыш рет айтқан ұлы Еуразиялық Одақ туралы идеясы – мемлекеттің практикалық саясаты болып табылады. Осы идея арнасында 1996 жылы Президент бастамасымен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті құрылды.

Еуразиялық математикалық журналдың жарыққа шығуы – осы бастамалардың маңызды жалгасы. Ол Еуропа мен Азия және дүние жүзі математиктерінің ынтымақтастығына, математика ғылымының жалпы дамуына зор үлес қосады.

Eurasian Mathematical Journal - АҚШ, Германия, Жапония, Испания, Италия, Канада, Қазақстан, Қытай, Ресей, Түркия, Үндістан, Ұлыбритания, Чехия, Франция, Швеция т. б. әлемдегі елдердің жетекші мамандары кіретін халықаралық өкілетті редакция алқасы бар Қазақстандағы алғашқы ғылыми басылым. Eurasian Mathematical Journal құрылтайшыларының ішінде М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей халықтар достығы университеті және Еуропадагы ең алғашқы университеттерінің бірі болып саналатын, кезінде Галилео Галилей жұмыс істеген Падова университетінің болуы біз үшін үлкен құрмет.

Еуразия ұлттық университеті Eurasian Mathematical Journal-дың жарыққа шығуына қаржылық көмек көрсетіп, авторларына қаламақы төлеуді мойнына алып отыр.

Осы журнал біздің ғалымдарымыздың білім мен ғылымдағы жаңа белестерге шығуына, ғылымға жаңа таланттардың қосылуына көмектеседі деп сенемін. Редакция ұжымына, болашақ авторларға жемісті әрі қызықты еңбек тілеймін, ал журналымызға „ақ жол“.

Профессор Бақытжан Әбдірайым